

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Онкологиялық орталығы бар
қалалық көпбейінді аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
(ары қарай – Кәсіпорын) Байқау кеңесінің отырысының
ХАТТАМАСЫ № 02/25**

Шымкент қаласы

« 04 » наурыз 2025 жыл

Орналасқан орны: Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ «Онкологиялық орталығы бар қалалық көпбейінді аурухана» МКК Шымкент қаласы, Тұран ауданы, А.Байтұрсынов көшесі 85А ғимараты.

Отырысты ашу уақыты және өткізу орны: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Республика даңғылы 12 А ғимараты, 9-қабат мәжіліс залы сағ.11:00 м.

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері қатысты (бұдан әрі - Байқау кеңесі).

Байқау кеңесінің төрағасы қатысты:

Ахметов Ералы Есенгельдиевич – «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» РМКА Шымкент қалалық филиалының директоры.

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері қатысты:

Нуртаева Злика Набиевна - Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіру бөлімінің басшысы;

Иембердіев Қайрат Айдосұлы - Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының емдеу профилактикалық қызметті үйлестіру және мемлекеттік қызметтерді үйлестіру бөлімінің бас маманы;

Қыдырбай Мейіржан Нұрланбекұлы – Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының бас маманы.

Мухтаров Назарбек Батрбекович – «Мирас-Қазақстан» ЖШС директоры, Байқау кеңесінің мүшесі

Кворум туралы ақпарат: Шешім қабылдау үшін кворум бар
Байқау кеңесінің хатшысы: Кансеитов Файзулла Асанулы

Шақырылған тұлғалар:

Кәсіпорын директоры- Мауленов Ж.О.

Бас есепші - Иса Ә.М.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жарғының «Байқау кеңесі» деп аталатын 24 тармағының, 8 тармақшасында: *«Байқау кеңесі хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады»* делінгеніне орай, Байқау кеңесі хатшысы Бекзат Акилбаевич Умирбековтың 31.12.2024 жылы шығарылған №384-ж/қ бұйрық негізінде 05.01.2025 жылдан бастап еңбек шартының тоқтатылуына байланысты, Байқау кеңесі хатшысы кандидатурасын қайта қарау мәселесі?

2. Жарғының «Байқау кеңесі» деп аталатын 24 тармағының, 17 тармақшасында: *«Кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындайды»* делінгеніне орай, кәсіпорынның ішкі аудит қызметін айқындау мәселесі?

3. Жарғының «Байқау кеңесі» деп аталатын 24 тармағының 18 тармақшасында:

«Аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті үшін қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындайды» делінгеніне орай, Міндетті аудит-аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-І Заңына сәйкес орындалатын қаржылық есептілік аудиті қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау мәселесі?

4. *Есеп саясаты туралы бекітілген Ережеге келісім беруге «Байқау кеңесі» отырысына ұсыну: ҚР 28.02.2007ж. №234-ІІІ «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік» Заңымен реттеледі*

5. *Кәсіпорынның лабораториясына өндіріс қажеттілігіне байланысты, қайырымдылық шара аясында қайтарымсыз түрде беріліп отырған:*

- 1) «Иммунохемилюминисцентный анализатор iFlash 1200»,
- 2) «Биохимический анализатор AU-480» құрал-жабдықтарын теңгерімге алу

Байқау кеңесі күн тәртібін қарап шығып **ШЕШТІ:**

Дауыс беру қорытындылары:

Қолдау – 5 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Иембердиев Қ.А., Қыдырбай М.Н., Мухтаров Н.Б.)

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалды: - 0 дауыс

Шешім қабылданды: - 5 дауыспен

Күн тәртібінің 1 сұрағы бойынша сөз бастаған Ахметов Е.Е.: – Байқау кеңесінің хатшылығына үміткерлердің түйіндемелерін қарап, Алихан Ботакөз Ерланқызын әңгімелесуге шақырды. Оған жұмыс барысына байланысты сұрақтар қойды және комплаенс пен Байқау кеңесінің хатшылық

қызметінің қатар алып жүру бойынша заңдылығын сұрады. Алихан Б.Е. өз кезегінде хатшылық қызметті қоса атқаруға дайын екендігін және осындай балама қызметтерді атқарушыларды сөз етті. Байқау кеңесінің мүшелері Қ. Иембердиев және М.Қыдырбай қоса атқару жұмыс бойынша заңдылығы тура келмейтінін айтып өз пікірлерін білдірді. Шақырылған екінші үміткер Бахыт Нұрасыл Айбекұлы өзін таныстырып, бұл жұмыстың саласы бойынша өзінің хатшылық қызметтен хабардар екенін және жұмысты атқаруға дайын екендігін жеткізді.

Ахметов Е.Е. үміткерлердің кандидатурасын дауысқа салуын сұрады. Байқау кеңесінің мүшелері көпшілік дауыспен Бахыт Н.А. кандидатурасын 3 айлық сынақ мерзімімен Байқау кеңесінің хатшылығы қызметіне мақұлдады.

Дауыс беру қорытындылары:

Қолдау – 5 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Иембердиев Қ.А., Қыдырбай М.Н., Мухтаров Н.Б.)

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалды: - 0 дауыс

Шешім қабылданды: - 5 дауыспен

Күн тәртібінің 2 сұрағы бойынша Ахметов Е.Е. -кәсіпорынның ішкі аудит қызметін айқындау мәселесін ҚР Денсаулық министрлігінің Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасына аталмыш сұрақ бойынша жауабын бергенге дейін қалдыруын сұрады.

Күн тәртібінің 3 сұрағы бойынша Ахметов Е.Е. - аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті үшін қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау мәселесі бойынша конкурсқа қатысқан «Түркістан Аудит» ЖШС мен «Стандарт Аудит» ЖШС коммерциялық және баға ұсыныстарын салыстыра келе, «Түркістан Аудит» ЖШС ұсынған 700 мың тг бағасын мақұлдауды сұрады. Кеңес мүшелері «Түркістан Аудит» ЖШС бірауыздан қолдады.

Дауыс беру қорытындылары:

Қолдау – 5 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Иембердиев Қ.А., Қыдырбай М.Н., Мухтаров Н.Б.)

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалды: - 0 дауыс

Шешім қабылданды: - 5 дауыспен

Күн тәртібінің 4 сұрағы бойынша сөз алған кәсіпорынның бас есепшісі Иса Ә.М. - Есеп саясаты туралы бекітілген Ереже ҚР 28.02.2007ж. №234-III «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік» Заңы негізінде жасалғанын және оның кәсіпорын атауының өзгеруі мен қолданыстағы Есеп саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты қайта бекітуге қажеттілік туындағанын айтты. Кеңес мүшелері бірауыздан оны қолдады.

Дауыс беру қорытындылары:

Қолдау – 5 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Иембердиев Қ.А., Қыдырбай М.Н., Мухтаров Н.Б.)

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалды: - 0 дауыс

Шешім қабылданды: - 5 дауыспен

Күн тәртібінің 5 сұрағы бойынша сөз алған кәсіпорын директоры Мауленов Ж.О. – Өндіріс қажеттілігіне байланысты кәсіпорынның лабораториясына биохимиялық анализаторларға қажеттілік барын жеткізді. Осы мәселе бойынша қайырымдылық пен спонсорлық көмек ретінде 2 ЖШС басшыларының кәсіпорынның теңгеріміне осы жабдықтарды басыбайлы беруге қарсы еместігін айтты.

Күн тәртібінің 5 сұрағы бойынша Ахметов Е.Е. – ол мед. жабдықтардың теңгеруге алуға орталықтың заңгеріне заңдылығын қарауға және бұл мәселе бойынша ДСБ техникалық бөлімімен кеңесіп шешуге ұсыныс берді.

Отырыстың жабылу уақыты: сағ. 11:55 м.

Байқау кеңесінің төрағасы



М.О.

Ахметов Е.Е.

Байқау кеңесінің мүшелері

Нуртаева З.Н.

Қыдырбай М.Н.

Иембердиев Қ.А.

Мухтаров Н.Б.

Байқау кеңесінің хатшысы

Кансеитов Ф.А.